

2025 жылға арналған

«Кұжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау» мемлекеттік қызметі көрсету бойынша «Павлодар қаласының № 48 санаторлық сәбилер бақшасы» КМҚК ЕСЕБІ

«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 19.06.2020 жылғы № 254 бұйрығының 2-тармағының 21, 22, 29-тармақтарына сәйкес (өзгерістер енгізілген 31.05.2024 жылғы № 133) «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды

қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметі мектепке дейінгі ұйым бос орындар болған жағдайда жыл бойы көрсетіледі.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын бағалау мақсатында 2025 жылға арналған құжаттық талдау өткізілді.

Талдау барысында келесілер анықталды.

«Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің нормативтік-құқықтық базасы» папкасында

«Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтары, мемлекеттік қызмет көрсету қағидаты туралы бұйрықтардың көшірмелері, өтініштер мен құжаттар бекітілген үлгілері, «Жолдама» тіркеу журналы, «Мектепке дейінгі ұйымға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» тіркеу журналы, «Ата-аналармен жасалған шарттарды тіркеу журналы» рәсімделген.

Мектепке дейінгі ұйымда Мемлекеттік қызметтер стандарттарының жалпы ережелері орналастырылған, жұмыс кестесі, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі көрсетілген стенд бар. Балабақшада бұйрықпен мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты тұлғалар анықталды: басшы А.Т.Казыбаева, әдіскер А.А.Темиргалиева, хатшы А.С.Салихова. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды тұрақты немесе уақытша болу үшін қабылдау, егер оларда бос орындар бар болса, бір жыл ішінде «Indigo24.kz» платформасы арқылы жүзеге асырылады. Жауапты тұлғалар құжаттарды қабылдау Қағидалары 8-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес платформада арқылы жүзеге асырады, оларды ұсынылған құжаттардың толықтығына тексереді.

Есепті кезеңде 80 бала жолдама/ваучер алды.

94 тәрбиеленуші балабақшадан шығарылды: оның ішінде мектеп жасына жеткендер – 9, тұрғындық жерін ауыстырғандар – 8, өтініш берушінің шешімімен – 5. Дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысының мерзімі аяқталуымен 72. Баланы қабылдауға құжаттарды қабылдаудан бас тарту – 0.

Балабақшада тәрбиеленушілерді есепке алу мақсатында жас топтары бойынша тізімдер жасалды, қозғалыс кітабы жүргізілді, балалардың жеке істері рәсімделді, балалардың қозғалысы бойынша бұйрықтар шығарылды.

Балалардың контингентінің қозғалысын бақылауға арналған қозғалыс кітабы бар.

Туралы мәліметтердің жазбалары уақытылы енгізіледі.

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бөлімшесі бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принциптері бойынша жасақталатын жас тобы болып табылады.

Тәрбиеленушілердің тізімдері жас топтары бойынша құрастырылады, басшымен бекітіледі.

2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мектепке дейінгі ұйым күнтізбелік жылға толық жасқа толған балалардың жасын ескере отырып, оқу жылының басына қарай жас топтары құрылды.

Баланы балабақшаға қабылдау кезінде басшы бұйрық шығарады, ол «Балалардың қозғалысы бойынша бұйрықтар» тіркеу журналында тіркеледі. Бұйрықтар 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына» сәйкес ресімделеді; бұйрықтар тіркеу бойынша, оқу күнтізбелік жыл ішінде тіркеледі, тіркеу күні бұйрық шығарылған күнмен сәйкес келеді, бақылау және орындау жүктелген лауазымды адамдардың қолтаңбалары бар бұйрық. Баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау балабақша мен баланың заңды өкілі арасында жасалған келісім-шарт немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап негізінде жүзеге асырылады. Балабақшаға қабылданған балалардың барлық ата-аналарымен электрондық келісім-шарт «Indigo24.kz» платформасында рәсімделген.

Контингентті есепке алуды тәрбиеші күн сайын қатысу табелін белгілейді. Топтардың табельдері тігілген және нөмірленген. Қатысу дәптерінде балалар саны балалар тізіміне сәйкес келеді. Деректер уақытылы енгізіледі, өйткені табель тамақтану сомасын есептеу үшін негізгі құжаттар болып табылады. Қатысу табельдері «Indigo24.kz» платформасында электронды түрде рәсімделеді. Оларға күн сайын сырқаттанушылық туралы анықтаманың, демалыс туралы өтініштің сканерленген нұсқалары қоса беріледі.

Тізім бойынша балалар саны ҰБДБ және контингент деректерімен сәйкес келеді (Indigo24.kz) – 79 бала. Балабақшада өзін-өзі талдау кезінде жобалық қуаты бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орындалған. Балабақшада 6 топ бар. Есептік кезеңде балабақшаға қатысу орта есеппен 88% құрады, топтарға орта есеппен 15 бала қатысты.

Бақылауда қарасырылған сұрақтар – 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығы: Мектепке дейінгі ұйымның жобалық қуаты – 100 орын. Есептік кезеңде мекемеде 79 бала тәрбиеленуде, профицит–21 орын. Топтардың толық қамтылмауы мекеменің ерекшелігіне байланысты. Балабақша санаторлық типтегі ұйым болып табылады және балаларды қабылдау тек дәрігер-фтизиатрдың жолдамасы негізінде жүзеге асырылады. Медициналық жолдамасыз балалар қабылданбайды.

Осыған байланысты тәрбиеленушілер саны медициналық ұйымдар тарапынан берілетін жолдамалар санына тікелей тәуелді

Денсаулық паспорттары мен денсаулық жағдайы туралы анықтамаларды (эпидемиологиялық орта туралы) талдау барысында бұзушылықтар анықталған жоқ. Денсаулық паспорттарының саны тізімдегі балалардың санына сәйкес келеді.

Баланың денсаулық жағдайы туралы анықтама күндері тәрбиешілердің қабылдау күніне және шарт жасасу күніне келтірілген берілді.

Жоғарыда баяндалған фактілерге байланысты анықталған бұзушылықтарды, оларды жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, мемлекеттік қызметтер көрсетудің ішкі рәсімдерін жақсарту жөнінде шаралар қабылдау мақсатында:

1. Тәрбиешілерге растайтын құжаттарсыз балалардың ұзақ уақыт болмауына жол берілмесін.

Мерзімі: тұрақты

Бақылау: меңгеруші

2. Медбике Г.К.Кошкарбаева топтарда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруды бақылауды күшейтсін.

Мерзімі: тұрақты

3. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын ішкі бақылау бойынша тоқсан сайынғы есептерді жүргізісін.

Жауапты: басшы

Басшы



А.Т.Казыбаева